

**1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән**  
**Қазақ тілі**  
**Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар**

1. Тасымалдауға болмайтын сөзді табыңыз.

- A) қуаныш
- B) дуанбасы
- C) 10мм
- D) қария
- E) уақыт

2. «Санын соғу» тұрақты тіркесінің синонимін табыңыз.

- A) шаттану
- B) қорқу
- C) қобалжу
- D) алаңдамау
- E) өкіну

3. Сөйлем ішінде жалқы есімдердің жазылуы

- A) қосарлану арқылы
- B) бірігу арқылы
- C) бас әріппен жазылады
- D) тіркесу арқылы
- E) кіші әріппен жазылады

4. Белгілі бір шаруашылыққа байланысты айтылатын сөздерді көрсетіңіз.

- A) диалект сөздер
- B) кірме сөздер
- C) кәсіби сөздер
- D) термин сөздер
- E) көнерген сөздер

5. Емлеге сай жазылған сөзді табыңыз.

- A) тойу
- B) кейиді
- C) ақыю
- D) сила
- E) қасуу

6. Матасуды табыңыз.

- A) сөзінді ұқтым
- B) сөзімді тыңда
- C) сөзіңнің басында
- D) сөзге тоқта
- E) сөз бер

7. «Қой аузынан шөп алмас» тіркесі сөзінің мағынасы

- A) алыс
- B) жақын
- C) тұрақты
- D) момын
- E) әдемі

8. Дара сөзді табыңыз.

- A) жақсы көру
- B) әкімшілік
- C) бес жүз
- D) отыз бестерге жуық
- E) тізесін бүкті

9. Мәтелдің басты ерекшелігі

- A) айтылар ой анық
- B) жинақталған ой
- C) теңеу
- D) айтылар ой тұспалды
- E) белгісіз

10. Жалпылауыш сөз бірыңғай мүшелердің алдынан келгенде қойылатын тыныс белгісі.

- A) сызықша
- B) дефис
- C) үтір
- D) нүкте
- E) қос нүкте

11. Бастауышы бар сөйлемді табыңыз.

- A) ерте оянды
- B) күн жылынды
- C) елге оралу
- D) сабақтан қайту
- E) солғын жүзді

12. Бастауыш пен баяндауышты байланыстыратын жалғауды көрсетіңіз.
- A) есімдік
  - B) етістік
  - C) зат есім
  - D) септік
  - E) жіктік
13. Тұрақты сөз тіркесін табыңыз.
- A) күндердің күнінде
  - B) ер жігіт
  - C) ауыспалы ту
  - D) жұртпен сөйлесу
  - E) ит өлген жер
14. Келер шақтық мағынада жасалып тұрған көсемше
- A) оқи бастады
  - B) бара жатыр
  - C) бедірейіп жауап қатпады
  - D) айтқым келеді
  - E) серуендегелі келді
15. Етістіктің болымсыз түрін көрсетіңіз.
- A) оқы, жазба
  - B) ет, де
  - C) тұзда, гүлде
  - D) барма, барған емес, көрген жоқ
  - E) барма, кел
16. Сөйлем құрайтын байланыс түрін атаңыз.
- A) қиысу
  - B) меңгеру
  - C) қабысу
  - D) жанасу
  - E) матасу
17. Есімді сөз тіркесін табыңыз.
- A) айқайлай сөйледі
  - B) төмен түсті
  - C) түнделетіп жүр
  - D) саған айтты
  - E) әкемнің ақылы

18. Мақсат бағыныңқы сабақтасты табыңыз.

- A) Келген қонақты көру үшін, есік алдына көп жұрт жиналып қалды.
- B) Кезекшіден не екенін білместен бұрын, ол өз бөлмесіне кірді.
- C) Ғылым өзін-өзі сызғылай отырып, талассыз ілгері жылжи береді.
- D) Өткенге топырақ шашсаң, болашақ саған тас атады.
- E) Ол арбадан түскенше, Самат күтіп қалды.

19. Анықтауыштық қатынастағы сөз тіркесін табыңыз.

- A) мектепті бітірді
- B) жылдам көтерілді
- C) балаға көмектесті
- D) баламның ойы
- E) балуанмен күресті

20. Екі заттың сынын салыстыруда қолданылатын шырай жұрнағын табыңыз.

- A) -паз
- B) -лық
- C) -дай
- D) -ған
- E) -ырақ

***1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән бойынша тест аяқталды.***

**2-БЛОК: Арнайы пән**  
**Дүниежүзі тарихы**  
**Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар**

1. 1947 жылы желтоқсанда КСРО-да жойылған жүйесі
  - A) Карточка жүйесі
  - B) Сайлау жүйесі
  - C) Бюллетень жүйесі
  - D) Ақылы демалыс жүйесі
  - E) Ақша жүйесі
  
2. Адольф Гитлердің Германияның үкімет басына келген жылы
  - A) 1930 жылы
  - B) 1935 жылы
  - C) 1937 жылы
  - D) 1933 жылы
  - E) 1938 жылы
  
3. Екінші дүниежүзілік соғысты бастаған империалистік елдер
  - A) Англия, Франция, АҚШ
  - B) Англия, Голландия, Испания
  - C) АҚШ, Англия, Канада
  - D) Бельгия, Франция, Нидерланды
  - E) Германия, Италия, Жапония
  
4. Ағылшын үкіметі Индияны осы принцип бойынша Үндістан мен Пәкістан етіп екі мемлекетке бөлді
  - A) әлеуметтік
  - B) касталық
  - C) тілдік
  - D) діни
  - E) географиялық
  
5. 1939 жыл қараша -1940 жыл наурыз аралығында КСРО соғыс жүргізді
  - A) Англиямен
  - B) Франциямен
  - C) Финляндиямен
  - D) Бельгиямен
  - E) Германиямен

6. 1921 жылы КСРО-да РК (б) партиясының X съезінің шешіміне сәйкес енгізілді

- A) Әскери коммунизм
- B) Әскери социализм
- C) Жаңа экономикалық саясат
- D) Дауэс жоспары
- E) Әскери большевизм

7. 1947 жылы 23 маусымда АҚШ-да кәсіподақ қызметін шектеу және ереуілдер ұйымдастыруда кәсіподақтардың құқығын реттеу туралы заңы қабылданды

- A) Форд, Морган заңы
- B) Рузвель, Трумэн заңы
- C) Тафт, Хартли заңы
- D) Эйзенхауэр, Гувер заңы
- E) Никсон, Рейган заңы

8. КСРО-дағы «Қайта құру, Жариялылық, Жеделту» реформаларын жүргізген КОКП ОК бірінші хатшысы

- A) Брежнев
- B) Андропов
- C) Черненко
- D) Горбачев
- E) Хрущев

9. Вашингтон конференциясындағы «бестік держава» келісімі бойынша тыйым салынған әскери кемелердің салмағы

- A) 25 мың тоннадан артық болса
- B) 15 мың тоннадан артық болса
- C) 35 мың тоннадан артық болса
- D) 30 мың тоннадан артық болса
- E) 33 мың тоннадан артық болса

10. 1941 жылы 7-желтоқсанда Жапонияның қарулы күштері шабуылдаған АҚШ-ң әскери базасы

- A) Техас
- B) Майами
- C) Нью-Йорк
- D) Вашингтон
- E) Перл-Харбор

11. Компьен орманында Германия мен Антанта мемлекеттері арасында уақытша бітімге қол қойылды

- A) 1920 жылы 20 қаңтарда
- B) 1918 жылы 25 ақпанда
- C) 1917 жылы 12 наурызда
- D) 1919 жылы 15 сәуірде
- E) 1918 жылы 11 қарашада

12. 1974 жылы АҚШ президенті Ричард Никсонның өзі еркімен қызметтен кетуіне себеп болған саяси жанжал

- A) Тафт-Хартли заңы яғни кәсіподақ қызметін шектеу
- B) «Уотергейт»
- C) Мартин Лютер Кингтің өлтірілуі
- D) Вьетнамдағы соғыс
- E) Кариб дағдарысы

13. Вашингтон конференциясындағы «тоғыз держава» келісімі бойынша Қытайға қайтарылған аймақ

- A) Шаньдун
- B) Шаньси
- C) Хэйлунцзян
- D) Танака
- E) Манчжоу го

14. Ұлыбритания тарихындағы тұңғыш әйел премьер-министр

- A) Этли
- B) Тэтчер
- C) Джордж
- D) Блэр
- E) Камерон

15. Мәскеудегі Халықтар Достығы университетіне берілген есім

- A) Мартин Лютер Кинг
- B) Амилкар Кабрал
- C) Нельсон Мандела
- D) Патрис Лумумба
- E) Мариан Нгуаби

16. Пәкістанның астанасы

- A) Тегеран
- B) Кабул
- C) Дели
- D) Исламабад
- E) Улан-Батор

17. Жапониядағы 2011 жылы наурызда өте күшті жер сілкінісі Хонсю аралындағы атом-электр стансасы қиратылды

- A) Окинава
- B) Осака
- C) Фукусима
- D) Хиросима
- E) Нагасаки

18. 1988 жылы Беназир Бхуттоны премьер-министрі болып тағайындалды

- A) Бангладеш
- B) Ауғанстан
- C) Үндістан
- D) Шри-Ланка
- E) Пәкістан

19. Ұлыбританияның тұңғыш лейбористер партиясынан құрылған үкімет басшысы

- A) Л.Джордж
- B) Р.Макдональд
- C) Н.Чемберлен
- D) У.Черчилль
- E) М.Тэтчер



20. Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі АҚШ конгресінің соғысушы мемлекеттерге несие беру туралы «Лендлиз» заңын қабылдады

- A) 1939 ЖЫЛ
- B) 1940 ЖЫЛ
- C) 1941 ЖЫЛ
- D) 1942 ЖЫЛ
- E) 1944 ЖЫЛ

***Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар***

21. 1939 жылы 23 тамызда КСРО мен Германия арасындағы құпия пактіге қол қойған

- A) Сталин
- B) Эберт
- C) Молотов
- D) Калинин
- E) Гитлер
- F) Риббентроп
- G) Жуков

22. Бірінші дүниежүзілік соғыста жеңіске жеткен Францияның Германиядан қайтарып алған өңірлер

- A) Рейн
- B) Эльзас
- C) Рур
- D) Лотарингия
- E) Саар
- F) Тулуза
- G) Мюнхен

23. Екінші дүниежүзілік соғысты бастаған империалистік елдер

- A) Англия
- B) Германия
- C) АҚШ
- D) Италия
- E) Франция
- F) Жапония
- G) Қытай

24. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Антигитлерлік коалиция басшылары кездесті

- A) Парижде
- B) Тегеранда
- C) Лондонда
- D) Ялтада
- E) Подстамда
- F) Ленинградта
- G) Римде

25. 1945 жылы 6-9 тамызда АҚШ-ң атом бомбасын тастаған Жапония қалалары

- A) Осака
- B) Хиросима
- C) Фукусима
- D) Окинава
- E) Нагасаки
- F) Йокогама
- G) Токио

26. Пәкістан Республикасында билік еткен басшылары

- A) Н. Шариф
- B) Дж. Неру
- C) П. Мушарраф
- D) Индира Ганди
- E) Б.Бхутто
- F) Раджив Ганди

27. Тәуелсіз Үндістанда саяси жағдайдың тұрақсыз болу себебі

- A) Көп ұлтты
- B) Аграрлық мәселе
- C) Көп дінді
- D) Әскери-саяси блокқа қосылмауы
- E) Ядролық қарудың болуы
- F) Көп дәстүрлі

28. КСРО-ғы М.С. Горбачевтың қоғамды жаңартудағы жүргізген саясаты

- A) Жаңа жол
- B) Жеделдету
- C) Қайта құру
- D) Жаңа бағыт
- E) Жариялылық
- F) Жаңа саясат
- G) Үлкен шоқпар

29. АҚШ Президенті Гарий Трумэннің қабылдаған заңдары

- A) Үлкен шоқпар
- B) Әділетті бағыт
- C) Жаңа бағыт
- D) Тафт-Хартли
- E) Жаңа шептер
- F) Адалдықты тексеру
- G) Ізгі көрші

30. Екінші дүниежүзілік соғыста Жапонияның Үндіқытайдағы басып алған елдері

- A) Үндістан
- B) Вьетнам
- C) Бангладеш
- D) Лаос
- E) Пәкістан
- F) Камбоджа
- G) Пенджаб

**Жағдаяттық тапсырмалар**  
**1-жағдаят**  
**Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма**

Бірінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін Антанта одағы жағында соғысқа қатысқан мемлекеттер арасында дүниежүзін қайта бөлісу міндеті тұрды. Осы міндетті орындау үшін Париж бейбіт конференциясы шақырылды. Конференцияға 27 елдің өкілдері қатысып, жеңілген мемлекеттер мен Кеңестік Ресей шақырылмады. Маңызды мәселелерді Ұлы державалар оңаша шешті. Конференция басынан бастап әділетсіз сипат танытты.

31. Вашингтон конференциясы 1921 жылы 11-қараша 1922 жылы 6-ақпан өткізіліп, оған тоғыз елдің өкілдері қатысты. Конференцияда АҚШ-ң көздеген мақсаты

- A) АҚШ-ң Еуропада жаңадан пайда болған мемлекеттерге өз ықпалын күшейту
- B) Тынық мұхиты және Қиыр Шығыс мәселелерді шешу және теңіз қару-жарақтарын қысқарту ауыр кеме жасауға тыйым салу
- C) АҚШ пен Ұлыбритания, Жапонияны әлсіретуге бағытталған құпия келісім жасауға тырысты
- D) Соғыстан кейінгі Германияның экономикасын көтеруге конференцияға қатысушыларды қаржылай көмек көрсету жобасын ұсынды
- E) Кеңестік Ресейді мойындау, онымен сауда-экономикалық байланыс орнату

32. 1919 жылы 14 ақпан Ұлттар Лигасы құрылды. Лига Кеңесі бес елдің тұрақты мүшелерінен құрылды

- A) Ұлыбритания, Франция, Италия, Испания, Бельгия
- B) Франция, Нидерланды, Польша, Сербия, Голландия
- C) Бельгия, Италия, Германия, Жапония, Австрия
- D) АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Италия, Жапония
- E) Жапония, Италия, Қытай, Ұлыбритания, Франция

33. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде қатты күшейіп, байи түскен мемлекет

- A) Ұлыбритания
- B) Кеңестік Ресей
- C) Франция
- D) Германия
- E) Америка Құрама Штаты

34. Вашингтон конференциясында Жапонияның бірінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Қытайдан басып алған территориясы қайтарылды

- A) Маньчжурия
- B) Шанхай
- C) Шаньдун
- D) Ухань
- E) Нянкин

35. Конференцияда АҚШ-ң Президенті В.Вильсон ұсынған дүниежүзілік саясаттағы жаңа тәртіп

- A) «Ашық есік пен тең мүмкіндік»
- B) Африкадағы отарларды қайтадан бөлісу
- C) Германияның ұлы державалар қатарынан шығару
- D) Антанта одағы тарату, жаңа одақ шартын жасау
- E) Италияның қойған талаптарын қанағаттандыру

**2-жағдаят**  
**Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма**

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін адамзат алдында жаһандық мәселелер шешу бейбітшілік пен ынтымақтастықты қолдау үшін халықаралық ұйымдар шеңберінде келіссөз жүргізу, кездесулер өткізу, өзара түсіністік жолдарымен ғана шешуге болатынын түсініп адамзат тіршілігі ендігі соғысты болдырмау үшін үлкен сабақ алды.

36. Біріккен Ұлттар Ұйымының тұрақты мүшелері

- A) АҚШ, Франция, Ұлыбритания, КСРО, Қытай
- B) АҚШ, Германия, Англия, КСРО, Қытай
- C) КСРО, Италия, Франция, АҚШ, Канада
- D) Швеция, Финляндия, КСРО, АҚШ, Қытай
- E) Ұлыбритания, Жапония, Қытай, КСРО, АҚШ

37. «Маршалл» жоспарының мақсаты

- A) Батыс елдерін қалпына келтіру, қаржылай көмек көрсету
- B) КСРО-ға бағытталған саяси бағыт
- C) Шығыс елдеріне бағытталған ашық есік саясаты
- D) Орталық және Оңтүстік Шығыс елдеріне көмек көрсету
- E) Жапония мемлекетін қалпына келтіру

38. АҚШ пен Батыстың «тежеу саясаты»

- A) Қытайға
- B) Солтүстік Кореяға
- C) Моңғолияға
- D) КСРО-ға
- E) Кубаға

39. АҚШ пен КСРО-ң бастауымен «қырғи-қабақ» соғыс жылдарында құрылған ұйымдар

- A) БҰҰ, АСЕАН
- B) НАТО, ВШҰ
- C) ОДКБ, АТЭС
- D) ТМД, БРИКС
- E) ШОС, ЕҚЫҰ

40. АҚШ-ң «ғасыр қылмысына» жатқызылған оқиғасы

- A) Кариб дағдарысы
- B) Вьетнам соғысы
- C) Кеннеди өлімі
- D) Ирак соғысы
- E) Лютер өлімі

***2-БЛОК: Арнайы пән бойынша тест аяқталды.***